



● БӘРЕКЕЛДІ!



Мектеп – білім тірегі, ұстаз – оның жүрегі

Қостанайда жаңа қазақ мектебі ашылды



Гүлназым
САҒИТОВА

Қостанай қаласының солтүстік-батыс шағын ауданында жаңадан қазақ тіліндегі №15 орта мектебі өзінің есігін салтанатты түрде айқара ашты. Мектептің ашылу салтанатына облыс

әкімі Архимед Мұхамбетов қатысты. Жаңа білім ұясының ашылу салтанатына жиналған ата-аналардың да, ұстаздардың да, оқушылардың да құшақтары гүлге толы, көңілдері көтеріңкі, қуанышты.

— Бүгінгі мектептің салтанатты ашылуымен барлықтарыңызды құттықтаймын. Осындай мектепте ұстаздарымыз оқушыларымызға сапалы білім, саналы тәрбие беретіндіктеріне, оқушыларымыз елінің нағыз азаматтары мен азаматшалары болып өсетіндіктеріне кәміл сенемін.

Өйткені өңірімізде білім алатын оқушыларымыздың пән олимпиадаларында, ғылыми және түрлі білім жарыстардағы жетістіктері орасан. Пән бойынша облысымыздың құрама командасы республикада ең үздік саналады. Қостанайлық оқушылар жалпы білім беретін пән олимпиадасында бес алтын, бес күміс, он қола медаль жеңіп алды.



СУРЕТТЕ: №15 мектептің ашылу салтанатынан көрініс.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Архимед МҰХАМБЕТОВ, облыс әкімі:

"Санды қумай, сапаға көңіл бөлу керек"

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Кеше өңірдің жаңа басшысының жетекшілігімен алғаш рет өткізілген аппарат мәжілісінде "Тобыл" ӘКК-нің жұмысы мен алдағы уақытта

атқарылатын жобалары және "Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020" бағдарламасының өңірде қалай жүзеге асырылып жатқандығы талқыланды. Мәжілісте облыс әкімі Архимед

Бегежанұлы өңірде жүзеге асырылып жатқан жобалардың кейбіріне көңілі толмайтындығын, сондықтан алдағы уақытқа жоспарланған жобаларды қайта қарап шығатындығын ескертті.

Облыс әкімі алдында есеп берген "Тобыл" ӘКК басқарма басшысы Арман Әлиевтің айтуынша, аталған компанияның инвестициялық қоржынында облыстың экономикасына тың серпін беретін 44 инвестжоба бар көрінеді.



● ОРАҚ-2015

Орақ енді қызады

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

Облыс бойынша бүгінгі күнге дейін 1,5 млн. тоннадан астам дәнді-дақылдар жиналды. Ауыл шаруашылық басқармасының мәліметінше, астық түсімі гектарынан шамамен 10-12 центнер. Әзірге оңтүстік аудандар көш бастап келеді. Олар күзгі жиын-терім жұмыстарының 60 пайызға жуығын аяқтап та қалған. Облыстың оңтүстік өңірлерінің диқандары үшінші жыл қатарынан құрғақшылыққа тап болды. Ол жақтарда шілде, тамыз айларында орташа есеппен 30 миллиметр ылғал түскен. Бұл жеткіліксіз. Бірақ, күзгі терім жұмысы ойдағыдай өтуде. Гектар берекелілігі 5-7 центнер. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім басшысы Сәлімжан Есенамановтың айтуынша, солтүстік өңірлерге жауын-шашын көп мөлшерде түсті. Салдарынан бидай баяу пісті. Қазір мұнда астықтың 30 пайызы ғана жиналған.

Қазіргі таңда диқандар 1 млн. 450 мың гектар алқаптағы егінді шауып, 1 млн. 370 мың гектарын бастырды. Дегенмен, орақ жұмысы межелі уақыттан созылып жатыр.

— Жалпы, облыс бойынша 4,5 млн. тонна астық жинауымыз керек. Орташа есеппен әр гектардан 11 центнер аламыз деген жоспар бар. Бұл үшін диқандардың мүмкіндігі жеткілікті. Жанар-жағар май мен техника бар, — дейді Сәлімжан Есенаманов.

Биыл аймақ диқандары бидай кептіргіш 15 құрылғыны сатып алған. Осы салаға негізделген басқа да жаңа техника жеткілікті.

Қостанай алдағы қысқа дайын

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Қалада жылу энергетика орталығынан бөлек екі үлкен қазандық пен 9 кіші қазандық болса, олардағы белгіленген күрделі жөндеу жұмыстары толық аяқталған. Облыс орталығындағы жылу құбырларының ұзындығы 238 мың метрді құрайды. Биыл соның 10%-дан астамы жаңарған. Қазір құбырлар толық тексеріліп, ақау білінген жерлер жөнделуде. Жоспарға сәйкес, 29 қыркүйекте барлық жұмыстар аяқталады. Қаладағы жылыту мекемелері газ тұтынатын болғандықтан, отын жөнінен мәселе жоқ. Айта кету керек, Қостанайда өткен жылу маусымында көлденең апат тіркелмеген. Қостанай жылуэнергетика компаниясы бас инженерінің орынбасары Дәуіт Ибраевтың айтуынша, барлық мекемелер жылу маусымына дайын.

— Құбырларды жөндеу жұмыстары да аяқталуға төмам. Газ бойынша келісім-шартты бекіттік. Сондықтан көгілдір отын жөнінен ешқандай кедергі жоқ. Сақтық қорына 4700 тонна мазут қажет болса, соның 1937 тоннасы қолымызда. Қалғанын сатып алу мәселесі шешіліп жатыр, — деді Дәуіт Ибраев.

Өңіріміз "Парасатты полицей" жеңімпазын анықтады

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Қостанай облыстық ІІД акт залында жыл сайын ішкі істер қызметкерлерінің арасында ұйымдастырылып келе жатқан "Парасатты полицей" байқауы өтті.

Бұл конкурс өліміздің ІІМ Мемлекеттік тіл және ақпарат департаментінің бастамасымен ұйымдастырылып келе жатқанын атап өткен жөн. Сайыстың мақсаты — полиция қызметкерлері арасында мемлекеттік тілді насихаттау арқылы оларды патриоттыққа тәрбиелеу. Сол себепті тәртіп сақшылары мұндай ауқымды іс-шараға қатысып, өнер көрсетуді зор мәртебе санайды. Айта кету керек, биыл қатысушылар Қазақ хандығының 550 жылдығы тақырыбын таңдап алыпты.

Байқауға барлығы аудан-қалалардың ішкі істер құрылымдарынан 18 команда келіп қатысты. Сайыстың тағы бір ерекшелігі, әрбір командада ана тілімізге жетік өзге ұлт өкілдері атсалысқан екен. Бұл байқауда олар өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсете алады.

— Былтыр Қостанай облысының ІІД құрама командасы республикалық "Парасатты полицей" байқауында жеңімпаз атанды. Бұл — тәртіп сақшыларының жұмыла еңбек етуінің арқасы. Ал әрбір полиция қызметкері қазақ тілін жетік білуі тиіс, — дейді облыстық ІІД бастығының орынбасары Бақытжан Ералин.

Әр команда өздерін көркем сөздермен таныстырды, кәсіби терминдерді біліп, ойларын еркін жеткізіп, шығармашылық конкурстардан сүрінбей өткендер арасынан Таран аудандық ІІБ құрамасы жеңімпаз деп танылды. Екінші орынды Алтынсарин ауданы иеленсе, Қостанай АІІБ алғашқы үштікті аяқтады. Рудныйлық команда арнайы жүлдегер атанды.

СУРЕТТЕ: байқаудан көрініс.
Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Мектеп – білім тірегі,
ұстаз – оның жүрегі

1-бет Жерлесіміз Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин "маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім — мектептің жүрегі" деп бекер айтпаған. Сондықтан ұстаздарымыз Ыбырай Алтынсариннің ұлағатты жолын жалғастырады деп ойлаймын, — деді өзінің құттықтау сөзінде облыс әкімі.

Салтанат аясында құттықтаулар айтылды, өсем әндер шырқалды. Ал, мектепке шақырған қоңырау соғылғанда, мектепке алғашқылардың бірі болып, екі-екіден қол ұстасқан бірінші сынып оқушылары кірді. Оқушылардың жолдарына "Ақ жол" деген жазуы бар ақ кілемше төселді.

Мектепті облыс әкімі аралап көрді. Ал, мектеп директоры Ділнара Сапанова сырдың иісі әлі кетіп үлгірмеген сыныптармен, акт, спорт залдарымен, кітапханамен таныстырды. Аймақ басшысы асханаға кіріп, ас даярлайтын жабдықтармен жете танысып, өндірушінің осы құралдарға берген кепілдікті жарамдылық мерзімі бар ма деп сұрады. Білім саласының шенеуніктері асхана жабдықтарының 3 жылға дейін кепілдікті жарамдылық мерзімі бар екендігін айтты. Сол секілді сыныптарды аралай жүріп, оқу-құрал жабдықтары қайдан сатып әкелінгенін де сұрады. Бір қуанарлығы сол, мектеп парталары, оқу-құрал жабдықтары жергілікті өндірушілердің өнімдері мен Қарағанды облысынан сатып әкелінген екен. Спорт залы кең, жоғары жағында жанкүйерлер үшін ашық трибуна да бар. Мердігер сый ретінде мектепке музыкалық аппаратура сыйлады. Сонымен бірге облыс әкімі мектеп алды шағын орталық пен балабақшаны да аралады. Мектеп жобасының жалпы құны 1,3 млрд. теңге. Мектептің қазандықтары автономды, газ пайдаланатын болады.

Ділнара САПАНОВА, мектеп директоры: — Қуанышымызда шек жоқ. Оқу-құралдарымыздың барлығы да заман талабына сай соны құралдар. Лингафон, мульти-медиа кабинеттеріміз бар. Кітапханамыз, спорт залымыз, акт залымыз қандай. Оқушыларымыз толық. Айта кетерлігі сол, мектеп алды даярлық тобында 53 тәрбиеленушіміз және де шағын орталықтағы екі топта 50



бала бар. Ал, 1-9 сыныпқа барлығы 358 оқушы барады. Оқушыларымыздың барлығы да осы шағын ауданның балалары. Ұстаздарымыз білікті, жоғары санатты. Жаңа оқу жылында жас мамандар да келді.

Айзада СЕРИКОВА, ата-ана: — Осы шағын ауданда тұрып жатқанымызға он жыл болды. Енді міне, қазақ тіліндегі мектебіміз де ашылды. Бірінші сыныпқа Гүлнәз есімді қызымыз барады. Қуанышымыз қойнымызға сыймай тұр. Мектеп өте тамаша. Жарық, кең. Осындай мектепте білім алған оқушыларымыздың білім жетістіктері жоғары болады деп ойлаймын.

Гүлнәр ОРАЗБАЕВА, жоғары санатты педагог, математика пәнінің мұғалімі: — Өзіңіз көріп тұрсыз, мектебіміз зәулім, әдемі. Осындай мектеп сыйлаған Елбасымызға, жергілікті атқарушы органдарға алғысымыз шексіз. Бұл еліміздің көркейіп, экономикамыздың алға басқандығының бір көрінісі деп айта аламын. Оқушыларымыз, педагогтарымыз пайдаланатын оқу-құралдарымыз заман талабына сай. Оқулықтарымыз да жеткілікті. Осындай мектепте оқушыларымыздың білім жетістіктері де жоғары болады деп ойлаймын.

СУРЕТТЕ: облыс әкімі А.Мұхамбетов жаңа мектептің ашылу салтанатында.
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР

Табалдырықтан аттау мұң

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Қостанай қаласында "Кедергісіз келешек" партиялық жобасы аясында әлеуметтік инфроқұрылым нысандарының мүгедектерге қолайлылығы тексерілді.

Комиссияның құрамында "Нұр Отан" партиясы ҚОФ, еңбек, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті және ҰЕҰ-дың өкілдері бар. Олар Красносельская, 126 және Герцен, 36 Б мекеңжайларында салынып жатқан жаңа үйлерде болып, құрылысқа жауапты мамандармен кездесті. Аталған көпқабатты тұрғын үйлер қыркүйек айының соңында пайдалануға беріледі. Құрылыс жұмыстарының аяқталғанына қарамастан нысан мүгедектердің жүріп-тұруына сай келмейді. Атап айтқанда, подъездің кіре берісіндегі табалдырықтар тым биік. Арбаға тағылған мүгедек мұндай табалдырықтан қалай өтеді? Стандартқа сай мүмкіндігі шектеулі



жандарға арналған пандустың жалпы ені 100 см, көлбеу бұрышы 6 градустан аспауы керек. Ал, биіктігі 70 сантиметр және 95 сантиметрлік екі деңгейлі тұтқасы болуы керек.

— Тексеру жұмыстарын құрылыс жүріп жатқан нысандардан бастағанымыз дұрыс болды. Анықталған қателіктер тұрғын үйлерді пайдалануға бермес бұрын шешімін тапса жақсы, — деді "Үміт-Надежда" ҚБ төрағасы Дүйсенғали Оспанов.

Елбасының халыққа арналған Жолдауында мүмкіндігі шектеулі жандарға ерекше назар аударып, кез келген нысандардың олар үшін қолжетімді болуы қажеттігі айтылған. Сондықтан "Нұр Отан" партиясының ҚОФ қаладағы нысандарда рейд жүргізіп отыр. Мұндай тексерістер алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

СУРЕТТЕ: құрылыс алаңындағы тексеріс.

Рудный . Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай орыс тілінде оқытатын мектеп пен білім беру мекемелері оқушылары арасында осындай атпен тіл байқауы болып өтті. Байқауды тілдерді оқыту орталығы мен қалалық тілдерді дамыту және мәдениет бөлімі ұйымдастырды. Қатысушылар қазақ және ағылшын тілінде өздері туралы айтып, қазақ тілінде эссе жазды, диалог құрып, өз өнерлерін көрсетті. "Тіл – парасат" байқауының бас жүлдесін №10 мектеп-гимназияның оқушысы А.Сидорук жеңіп алды.

Архимед МҰХАМБЕТОВ, облыс әкімі:

"Санды қумай, сапаға көңіл бөлу керек"

1-бет Бүгінде корпорацияның инвестициялық қаржы көлемі 4,8 млрд. теңгені құрап отыр. Ал, корпорация құрылған кезеңнен бері жалпы сомасы 3,5 млрд. теңгенің 20 жобасы жүзеге асырылған. Сондай-ақ, корпорация Ресейлік бизнесмендермен де әріптестік байланысты нығайта түскен. Соның ішінде, жақында Ресейде өткен форум аясында аталмыш корпорация жылыжай кешенінің құрылысын салу туралы жобаны іске асыру мақсатында Челябин облысының "Чурилово" агрокешенімен меморандумға қол қойған болатын. Жоба құны 13 млрд. теңге. Қазіргі таңда қажетті инфрақұрылымдарды қамтамасыз ету бойынша қаржыландыру көздері қарастырылып, келіссөздер жүргізіліп жатқан көрінеді. Сонымен қатар, корпорация тек ірі инвестжобаларды ғана жүзеге асырып қоймай, орта және шағын бизнесті де қолдап келеді. Осы мақсатқа 2015-2018 жылдарға арналған бағдарламаны жүзеге асыруға корпорацияның бюджетінен жыл сайын 50 млн. теңгеге жуық қаражат бөлу қарастырылып отыр. Аталған бағдарламаның арқасында қазірдің өзінде жалпы құны 19,1 млн. теңге болатын 9 жоба қаржыландырылған.

Жүзеге асырылған жобаларды жіпке тізіп берген корпорация басшысы бәрібір облыс әкімінің сынынан құтылып кете ал-

мады. Өңір басшысы Архимед Бегежанұлы "Тобыл" ӘКК-ның жұмысын сынға алды. Корпорацияның ұсақ жобаларды, яғни шағын бизнесті несиелендірумен ғана айналыспай, тек қана ірі әрі ауқымды жобаларды жүзеге асыруы тиістігін алға тартты.

— Көлемі ауқымды, ал инвестиция қаражаты аз, тіпті жұмыс күші талапқа сай емес жобаларды жүзеге асырғанда не ұтамыз? Егер осындай жобаларды іске қоса беретін болсақ, индустриалды-инновациялық саясатты дамытқанымыз осы ма? Мұндай жұмыстар ешқашан жақсылыққа апармайды. Сондықтан да, мен облыстың индустриаландыру картасын қайта қарап шықтым. Үш жыл ішінде атқарылған жұмыстар аз емес, бірақ көңіл толмайтын кейбір жобалар да жоқ емес. Санды қумай, сапаға көңіл бөлуіміз керек. "Тобыл" ӘКК-мен 3 млрд. теңге инвестиция тартылған. Дегенмен бұл корпорацияның да 2015-2017 жылдарға арналған жоспарын қайта қараймыз, себебі, сіздер қаржыландырылған жеті жобадан айтарлықтай нәтиже көрінбейді, — деді облыс әкімі А.Мұхамбетов.

Ал, өңірде "Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020" бағдарламасы аясында көптеген жұмыстар атқарылып, оң нәтижесін беруде. Облыстық жұмыспен қамту

және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының басшысы Е.Жаулыбаевтың айтуынша, 2015 жылы республикалық бюджеттен 1 млрд.965 млн. теңге бөлінген. Осы уақытқа дейін бұл бөлінген қаражаттың 95,9 пайызы игерілген. Бағдарламаның бірінші бағыты бойынша биыл білім саласында бес жоба, денсаулық сақтау саласында екі жоба жүзеге асырылуы тиіс. Бұл мақсатқа ел қазынасынан 823,4 млн. теңге бөлінген. Бүгінде екі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы мен екі мектептің күрделі жөндеу жұмыстары аяқталған, ал төрт әлеуметтік саладағы жұмыстар әлі жалғасып жатқан көрінеді. Бағдарлама бойынша 676 жұмыс орны ашылуы тиіс болса, бүгінге дейін 582 жұмыс орны құрылған. Ал, бағдарламаның екінші бағыты бойынша, яғни шағын несиелендіруге 761,2 млн. теңге қарастырылса, соның 564,2 млн. теңгесі республика бюджетінен, 197 млн.теңгесі игерілмеген қаражат көздерінен бөлінген. Шағын несиелендірудің арқасында 1464 жұмыс орны құрылған. Дегенмен, несиені алуын алып алып, оны қайтара алмай отырғандар да жетерлік. Мәселен, шағын несиелендіру бойынша 30 млн. теңгеден астам қаражат қайтарылмай отырған көрінеді. Әсіресе, Қостанай, Жітіқара, Ұзынкөл,

Науырзым, Федоров аудандары несиелендіру бойынша алда тұр.

— Бүгінде, арзан пайызбен несиелендіру, әсіресе ауыл шаруашылығы саласында кәсіпін деңгеленткісі келетіндердің қатары көбейіп келеді. Жыл басынан бері осы сала бойынша 257 адамға 491,1 млн. теңге көлемінде несиелендірілді. Бүгінге дейін қаржылық қолдау қорына жалпы сомасы 805,3 млн. теңге көлемінде несиелендірілуі өтініш келіп түскен. Бірақ, несиелендірушілердің дені ауылдық жерлерден болғандықтан, олардың кепілге қоятын мүліктерінің жарамсыз болуы да көдергі келтіруде, — дейді басқарма басшысы Е.Жаулыбаев.

Жалпы, бағдарлама бойынша үстіміздегі жылы 15 мыңнан астам адамды жұмыспен қамту көзделген. Ал, тіркелген жұмыссыздар саны 3,5 мың адамды құрап отыр. Облыста үш кәсіпорында, мәселен Лисаковтағы "Алтын Өмір" және "Өркен", сондай-ақ Әуликөлдегі "Разрез Приозерный" ЖШС-нде жасырын жұмыссыздыққа ұшыраған 904 адамның тіркелгендігі анықталды. Бұл тұрғыда, облыс әкімі сала басшыларына мұндайға жол берілмеуі тиістігін, сондай-ақ, жұмыссыздық деңгейі экономикалық белсенді халық санына қарай анықталуы керектігін қадап тапсырды.

● ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

"Ана тілім — қасиетім, ардағым"

Гүлназым
САГИТОВА

Міне, осындай атпен "Мирас" мәдениет үйінде облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының бірлесіп ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын мерекелеу құрметіне және Қазақстан халқы тілдері күніне арналған мерекелік шара болып өтті. Жиналғандарды Қазақстан халқы тілдері мерекесімен облыс әкімінің орынбасары Базыл Жақыпов құттықтап, игі тілегін білдіріп, облысымызда осы салалар бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы қысқаша айтып өтті. Облысымызда 18 тілдерді дамыту орталығы жұмыс істейді. Үстіміздегі жылы тілді дамытуға 180 млн. теңге бөлінді. 700-ге жуық басқа ұлт өкілдерінің жастары жоғары оқу орындарының қазақ бөлімінде білім алады.

— Отбасымызда алты бала бар, балаларымыздың барлығы да қазақ тілінде сөйлейді, білім алады. Өзіміз Қостанай ауданының "Алтын дала" ауылында тұрамыз. Ұлтымыз орыс бола тұра балаларымды қазақ мектебіне апарғанымда ештеңе ойлағаным да жоқ. Балалар жақсы оқиды, спортпен айналысады. Қазір екі оқушымыз бар, Борис



пен Виктор, біреуі 10-сыныпта, екіншісі 7-сыныпта оқиды, қазақ мектебіне барады. Өзіңіз білесіз, Кристина деген қызымыз "Абай оқулары" облыстық байқауында ақынның өлеңдерін жатқа айтуда бірінші орын алып, республикада екінші орын жеңіп алған еді. Басқа балаларым оқу орындарында оқиды. Тіл білуден ұтпасаң, ұтылмайсың. Қазақ тілін өзіміздің ана тіліміз деп ойлаймыз, — деді Марина Лаптева.

Іс-шара аясында мемлекеттік

тіл саясатын жүзеге асыру ісіне белсенді атсалысушылар, атап айтқанда, балаларын қазақ мектебіне беріп, қазақ тілін өз ана тілінен кем көрмей, мерейін асырып жүрген Ситниковтар отбасының отанасы Марина Лаптева, өррей жексенбілік мектебінің оқытушысы Татьяна Баль, оқушыларға тіл үйретуді белсенді түрде қолға алып, мемлекеттік тілді оқытуды жазғы демалыс айларында да жалғастыруға зор үлесін қосқан "Светофор" жазғы лагерінің директоры Дәметкен Бисембаева және ұлты қазақ болмаса да мемлекеттік тілде сабақ беріп, тіл мәртебесін көтеріп жүрген өзге ұлт өкілі, Қарасу ауданы Целинный орта мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі Светлана Мулкуланова облыс әкімінің алғыс хатымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Кеш соңы Ал, Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармония әншілерінің, қалалық балалар шығармашылығы сарайы оқушыларының және ұлттық-мәдени орталықтары өкілдері қатысуымен өткен концертке ұласты.

СУРЕТТЕРДЕ: Ситниковтар отбасы; марапат сәтінен. Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● БОЛАШАҚҚА 100 ҚАДАМ

Ұлт жоспарын тиімді жүзеге асырудың негізі

2015 жыл Қазақстан үшін атаулы мерейтойлы күндермен ерекшеленеді. Соның бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы. Бұл әлемде теңдесі жоқ, 1995 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған бірегей институт. Бүгінде Қазақстанда 130 этнос бірігіп өмір сүріп, жүздеген этномәдени бірлестіктер қызмет етуде.

Тек қана Қостанай облысында 100-ден аса ұлттар мен ұлыс өкілдері тұрады. Оған 18 этномәдени бірлестіктер орналасқан облыстық Достық үйі де куә.

Қостанайлық мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің бастамасымен Достық үйінде Ұлт Жоспарының 100 нақты қадамын және Елбасының бес институционалды реформасын талқылау бойынша кездесу өтті.

Кездесу аясында мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының басшысы Әсет Досекенов сөз сөйледі. Мемлекеттік қызметші Ұлт Жоспарының 100 нақты қадамын және Елбасының бес институционалды реформасын бірлесе орындау бойынша тақырыпты баяндады. Кездесу барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына ерекше назар аударылды.

— Бұл бірегей институттың маңызын бүгінде асыра бағаламау мүмкін емес, себебі елдегі бейбітшілікті, тұрақтылық пен келісімді сақтау Қазақстан халқы үшін өте маңызды, — деп атап өтті Әсет Досекенов.

Өткізіліп жатқан іс-шаралардың жемқорлықты қабылдау деңгейіне әсерін анықтайтын анонимды сұрау өткізілді.

Аса көп талқыланған тақырыптардың бірі – кезекті аттестация өткізу, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін жоғарылату және мемлекеттік қызметшілердің жалақысын төлеуде факторлы-баллды жүйенің енгізілуі болды. Департамент өкілдері аталған тақырыптардың әрқайсысына нақтылай тоқталды.

Кездесу соңында тараптар Ұлт Жоспарының жемісті жүзеге асырылуының негізі Қазақстанның барлық халықтарының бірлігі мен ынтымақтастығында екендігі туралы ойларымен бөлісті. Сондықтан да, этносаралық қарым-қатынасты нығайту мен азаматтарымыздың құқықтық сауаттылығын жоғарылату мақсатында бірлескен іс-шараларды үнемі түрде өткізіп тұруды шешті.

Мәлдір ШЕРИЕВА,
МҚІСЖҚІК агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің баспасөз хатшысы.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Құрылыстың сапасы қандай?

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Соңғы жылдары Қостанай қаласында құрылыс жұмыстары қарқын алды. Әсіресе, көпқабатты тұрғын үйлер көптеп салынуда. Саны артып жатқан құрылыс объектілері талапқа сай ма? Бұл сауалға Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы Қанат Баямбетов жауап берді.

Облыстық баспасөз клубында баяндама жасаған ведомство басшысы өңірдегі құрылыстың техникалық сапасына тоқталды. Себебі, құрылыс объектілеріне техникалық қадағалау жасау аталмыш басқарманың тікелей міндеті. ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңы бойынша құрылыс жұмыстарының сапасына ай сайын бақылау жүргізіп отырады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ғимараттың сапасына, жобаның жүзеге асу мерзіміне, орындалған жұмыстардың қабылдауына бақылау жасайды. Биылғы жеті айдың қорытындысында, басқарма 68 жоспардан



тыс тексеріс жүргізіп, 65 әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама толтырды. Мердігер компаниялардың құрылыс жұмыстарын

асығыс аяқтауы салдарынан нысанды тапсырар сәтте келеңсіздік туындайтыны анықталды. Мұндай қателіктердің алдын алу үшін Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының бір маманы алдағы уақытта құрылыстың техникалық сапасын бақылаумен айналысатын болады.

– Жобаны іске асырудың барлық сатысында құрылысқа техникалық бақылау жасаймыз. Құрылыс объектілерінің сапасыздығы мердігер компаниялардың жауапсыздығы салдарынан орын алады, – деді Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы Қанат Баямбетов.

СУРЕТТЕ: Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы Қанат Баямбетов; Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Өңір экономикасы өрге басты

Қарасу ауданында биылғы қаңтар-тамыз айлары аралығында ауыл шаруашылығы саласына 2939 млн.теңге инвестиция тартылды. Бұл туралы облыстық баспасөз клубында өткен БАҚ журналистерімен кездесуде аудан әкімі Алмабек Шәмшиев айтты.

Аудан экономикасының негізгі үлесін ауыл шаруашылығы саласы құрайды. Қазіргі уақытта аудандағы 40 жеке қожалық мал шаруашылығымен айналысады. Шаруашылық иелері асыл тұқымды мал өсіруге баса көңіл бөліп отыр. Асыл тұқымды мал табынының жалпы үлесі 32 %-ды құрайды. Мұнда мал шаруашылығын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар жоспарға сай орындалуда. Соның ішінде "Сыбаға" мемлекеттік бағдарламасы бойынша төлдейтін мал мен тұқымдық бұқалардың санын көбейтуге баса мән берілуде. Аталмыш бағдарлама басталғалы бері жоспар 87,7%-ға орындалды. Сонымен қатар жылқы, шошқа және ұсақ малдың санын арттыру жұмыстары да ойдағыдай жүріп жатыр. "Алтын асық" бағдарламасы бойынша 200 бас қой, "Құлан" бағдарламасы бойынша 72 жылқы алынды. Барлық салалық бағдарламаларға арналған жоспар жыл соңында толығымен орындалмақ.

– Соңғы төрт жылдың ішінде "Сыбаға" бағдарламасымен он бір мың ірі қара малды сатып алдық. Биыл да асыл тұқымды мал басын көбейтуге күш саламыз. Себебі, аудан халқы мал шаруашылығымен күн көріп отыр. Аталған салаға жасалып жатқан мемлекеттік қолдау да көңілден шығады, – деді Қарасу ауданының әкімі Алмабек Шәмшиев.

Әлемдік экономикалық ахуалға қарамастан, ел үкіметі ауыл шаруашылығын қолдап, субсидия беріп жатыр. Соңғы бес жылда ауданның ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге субсидия түрінде 4 млрд. 481,6 млн. теңге көлемінде қайтарылмайтын қаржы бөлінген.

Қарасудағы шағын және орта бизнесті қолдаудың жарқын үлгісі – "Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасы болып отыр. Бағдарлама басталғалы бері екі бағыт бойынша 10 жоба мақұлданды.



ды. Бүгінде аталған жобалар іс жүзінде жұмыс істеп жатыр. Бағдарлама аясында Қостанай-Астана тас жолындағы техникалық қызмет көрсету станциясының (СТО) базасында тамақтану және демалуға арналған қонақүй кешені салынды.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының сегіз айлық қорытындысында өзге де мемлекеттік бағдарламалардың жемісті жүзеге асып жатқаны белгілі болды. Индустрияландыру картасы шеңберінде 2500 ірі қараға арналған бордақылау алаңы, 1000 төлдейтін малға арналған қора сияқты ірі жобалар қолға алынды. Былтыр "Макс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі теміржол тұйығының төсемі бар өнеркәсіп базасының құрылысын бастаған болатын. Ал биыл сыйымдылығы 49,6 мың тонна болатын астықты қабылдауға, кептіруге және сақтауға арналған кешен іске қосылады деп жоспарланып отыр. Целинное және Жаркөл ауылдарында индустрияландыру картасынан тыс үш инвестициялық жоба пайдалануға берілді. Нәтижесінде жаңадан отыз жұмыс орны ашылды. Алдағы уақытта "Ақ Ниет" ЖШС Прогресс ауылында 400 басқа арналған мал қорасын салмақшы. Жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне осындай жобалар көп көмек беріп отыр.

СУРЕТТЕ: Қарасу ауданының әкімі Алмабек Шәмшиев. Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● ӨНЕР

Бірлескен жоба, тың қойылым

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармониясында 26-27 қыркүйекте Дж.Б.Перголезидің "Служанка-Госпожа" атты



комикалық операсының тұсаукесері өтеді. Бұл Қазақстан мен Ресейдің арасындағы бірлескен жоба. Және де облыстық мәдениет басқармасы мен новосібірлік өнер қайраткерлерінің бірігіп жүзеге асырған алғашқы жемісі болғалы тұр. Осыған орай облыстық қазақ театрында баспасөз мәслихаты болып өтті.

"Служанка-Госпожа" екі көріністен тұратын интермедия. Қойылым Перголезидің туындыларының ішіндегі опералық жауһары деп те аталып кеткен. Оқиға сұлулығымен тамсандырған құ әрі епті қызметші Серпиненің өз қожайыны аристократ Убертоның жүрегін жаулап алғаны туралы.

Музыкалық жетекшісі әрі қоюшы дирижері, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген әртісі Эхтибар Ахмедов, қоюшы-режиссері актер, педагог Сергей Александровский және қостанайлықтардың қатарынан режиссер – мәдениет қайраткері Александр Евсюков, қоюшы суретшісі – облыстық орыс драма театрының бас суретшісі Құрманғазы Қаржанов. Басты рөлдерді бар болғаны үш актер сомдайды. Олар: облыстық филармонияның солистері Андрей Костров, Наталья Степанова және де қазақ театрының актері Олжас Бегайдаров. Қосымша Новосібір опера және балет театрының әртістерінің және облыстық филармонияның камералық оркестрінің сүйемелдеуімен өтеді.

Бұл жоба Қазақстан халқы Ассамблеясы жылымен орайластырылған бастама. Бастама деп отырғанымыз келешекте бұдан өзге де туындылар Қостанай жерінде қойылуы бек мүмкін. Ал, әзірге алғаш қолға алынған жоба көпшіліктің көңілінен шығады деген үмітте. Қазір кассада билеттер сатылымда. Бағасы мың теңге көлемінде. Екі күн қатарынан өтетін қойылымға келушілер көп келеді деген сенім күшті.

Қойылымда басты рөлдердің бірін сомдайтын Олжас Бегайдаров "өзіме көп жаңалық аштым" дейді. Ол мылқаудың образын көрсететін болған соң актерлік шеберлігіне сенуге тура келеді. Қимыл, іс-әрекет арқылы барынша кейіпкерді ашып, көрерменге жеткіземін деген сенімде. Қойылым орыс тілінде. Десе де, алдағы уақытта қазақ тіліндегі опералық шығармаларды Қостанай сахнасында қолға алу жоспарда бар екенін облыстық мәдениет басқармасының басшысы Лариса Сероус тілге тиек ете көтті. Егер бұл іс қолға алынса "Дударай" шығармасы болуы мүмкін. Бұл енді алдағы уақыттың еншісінде. Әзірге қостанайлық өнер сүйер қауым тың жобаның жемісін тамашалауына болады.

Сырлы өлке – Арқалық!

Жақында "Арқалық қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ тапсырысы бойынша "Жас-Ұлан" қалалық балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ "Ауылым – алтын бесігім" атты пресс-тур өткізді. Пресс-тур биылғы жылдың атаулы даталары – Қазақстан Республикасы Конституциясының және Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналды. Пресс-турға біздің ауданымыздың да делегациясы қатысып қайтты. Олардың арасында ішкі саясат бөлімінің мамандары мен Б.Қолдасбаев орта мектебінің ұстаздары мен оқушылары болды.

Алғашқы күні делегация мүшелері Даңқ ескерткішіне гүл шоғын қою рәсімінен бастады. Одан соң көн орындарын, Арқалық қалалық құс фабрикасын аралап, қазақтың аты аңызға айналған батырлары – Жәуке батыр, Кейкі батыр және А.Байтұрсынов, "Жастар саябағында" ашылған ауған соғысында қаза болған жауынгерлердің құрметіне арналған ескерткіштерді тамашалады. Келесі күні делегация мүшелері Екідің ауылына жолға шықты. Сапар барысында жолдағы тарихи, мәдени ескерткіштерге тоқталды. Арқалықтан шамамен 150

шақырым жерде, Қарағанды облысымен шекаралас аймақта "Мақат саханасы" қабірі орналасқан екен. Бұл мазардың ерекшелігі, тек қана Мақат руының қайтыс болған текті ұрпақтарын осы саханаға қойып отырған.

Одан соң 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің хас батыры, ержүрек Кейкінің үңгірін көрдік. Үңгір Шеңбер ауылынан 10 шақырым Қараторғай өзенінің солтүстік бетіндегі үлкен жар таста орналасқан екен, басына ескерткіш белгі қойылып, бір шумақ өлең жазылыпты. Пресс-тур барысында бізбен бірге өлкенің тарихына қанық, көненің көзін көрген, он саусағынан өнер тамған оюшы Шөптібай Байділдин ағай жүрді. Ол кісі әр ескерткіштің тарихына тереңірек тоқталып, бізге біраз мағлұмат берді. Осылайша делегация мүшелері бір жағынан тарихи құндылықтармен танысып, өңірдің табиғи ерекшеліктері, Арқалық қаласының әлеуметтік-экономикалық жеткен жетістіктерін айқындайтын нысандар туралы мағлұматпен қанығып қайтса, екінші жағынан рухани демалып қайтты. Пресс-тур соңында делегация мүшелеріне арнайы сертификат табыс етілді.

Б.ТЕМІРБАЙ.
Аманкелді ауданы.

Құрбан айт құтты болсын!



Әлемдердің Раббысы Алла Тағалаға сансыз мақтаулар мен мадақтар болып, Пайғамбарымыз Мухаммадқа (с.ғ.с), Оның (с.ғ.с.) жанұясына, сүйікті сахабаларына және осыларға ізгілікте өрген барша момың мұсылмандарға Алла Тағаланың салауаты мен сәлемі болғай!

Құрбан айт – мұсылмандардың ұлық діни мерекесі. Хадистерде жылдың ең қадірлі күні құрбан айттың алғашқы күні екендігі айтылған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл жайында: *"Алла үшін күндердің ішіндегі ең ұлығы – Құрбан айттың бірінші және екінші күні"* – деген. Құрбан айттың бірінші күнінің артықшылығы мен ерекшелігі сол күні Алла Тағаланың разылығына бөленуге себеп болатын ең маңызды амалдың істелетіндігінде.

"Айт" сөзі араб тілінен аударғанда "қайта оралу" деген мағынаны білдіреді. Бұл мейрамның айт деп аталу себебі, ол жыл сайын қайта айналып келіп отырады.

Айт —мұсылмандар үшін Жаратушымыздың разылығына жету мақсатында құлшылық жасап, өзара реніш, араздықтарын жойып, бауырласу сезімдерін күшейтетін маңызды мейрам. Биылғы жылы Құрбан айт мейрамының бірінші күні қыркүйек айының 24-не тұспа-тұс келіп тұр.

Айт мейрамының тарихына келер болсақ, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мәдинаға көшкенде, жергілікті адамдардың жыл сайын тойлайтын екі күні болатын. Алла Тағала сол екі күнді ораза және құрбан айт мейрамдарымен алмастырған.

Бұл күндердің ұлықтығы сол – мұнда адам баласы құрбандық шалу құлшылығы арқылы өз Жаратушысына барынша жақындай түсуге тамаша мүмкіндік алады. Құрбан айт күндері (алғашқы үш күні) шалынатын мал "удхия" деп аталады. "Удхия" сөзі араб тілінде "духа (сәске) уақытында сойылатын құрбандық" деген мағынаны береді. Құрбан сөзінің тілдік мағынасы "жақындау" дегенді білдіреді, яғни жасаған сауап істер арқылы жүректі тазартып, Аллаға жақындай түсу. Ал құрбан сөзінің шариғаттағы терминдік мағынасы: "мұсылман тарапынан ерікті түрде не нәзір себепті не Құрбан айт күндері Алла Тағаланың разылығын қалап, құлшылық етудің бір амалы ретінде құрбандыққа шалынатын мал". Олай болса,

құрбандық шалуды тек мал сойып, қан шығару емес, Алланың рахым-мейіріміне қол жеткізудің бір жолы деп түсінген абзал.

Құрбан шалу – сонау Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардан жалғасып келе жатқан үрдіс. Қасиетті Құранда: **"Мен жындар мен адамдарды (Мені танып), маған ғана құлшылық жасасын деп жараттым"** (Зариат сүресі, 56-аят) деп білдірген. Демек, құлшылық жасаудың түп мәні – Жасаған Иенің жарлығына бағыну, разылығына ұмтылу, сауап жинау. Бұл ғибадат арқылы Алланың ықыласты құлдары өз сеніміне беріктігі мен берілген нығметтерге шүкіршілігін танытады. Қасиетті Құран Кәрімде: **"Аллаға құрбанның еттері, қандары, өсте, жетпейді. Бірақ сендердің тақуалықтарың жетеді"** ("Хаж" сүресі, 37-аят), – делінген. Аятта құлшылық ретінде сойылған құрбандықтың маңызды бір шарты шынайылық пен тақуалық екендігі ашық баяндалған.

Алла Елшісі (с.ғ.с.): *"Алла үшін (құрбандық ретінде) қан шығарудан ұнамды іс жоқ. Және ол (құрбан) қиямет күні алдынан шығады", – десе, тағы бірде: "Адам баласы Құрбан айт күні қан шығарудан (құрбандық шалу) абзал амал арқылы Алла Тағалаға жақын болған емес. Құрбандық ретінде шалған малы қиямет күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді. Ағызылған қан жерге тамбай тұрып Алла Тағаланың құзырында ерекше жоғары дәрежеге жетеді. Сондықтан да шын жүректен әрі ризашылықпен құрбандарыңды шалыңдар", – деп құрбандық шалудың қаншалықты сауапты іс екенін шегеліп айтқан.*

Олай болса, мәселе Алла жолына аталған малдың еті мен қанында емес, оны шалған адамның тақуалығында. Құрбандық шалу тек мал бауыздаумен ғана шектелмейді. Онда адамның ішкі ниеті, шын пейілі, дінге бекемдігі, тақуалығы, басқаларға жана-шырлығы таразыға түседі. Сондай-ақ пенденің пендешілігі мен мәрттігі, сараңдығы мен жомарттығы да сыналады. Сондықтан да құрбан шалынып жатқанда *"Аллаһумма минкә уә ләка"* (Уа, Алла Тағалам, бұл мал Сенен келді, Саған барады) деген дұғаның көбірек айтылуы тегін емес.

Құрбан айт күндері құрбандық шалудың үкімі

Әбу Ханафи мәзһабында қадірі асқан құрбан айт күндері

мал-мүлкі жеткілікті болған мұсылман ер мен әйел кісінің құрбандыққа мал шалулары уәжіп. Алла Тағаланың Құран Кәрімде: **"Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал"** (Кәусар сүресі, 2-аят) деп бұйыруы, құрбан шалудың уәжіп екенін білдіреді. Мал-мүлкі жеткілікті бола тұра құрбан шалмаған мұсылманға Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сөгіс жариялаған хадисі негізге алынған. Абу Һурайра (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): *"Кімде-кім мүмкіншілігі бола тұра құрбан шалмаса, біздің намаз оқитын жерімізге жақындамасын!"* (Хаким, Мустадрак) деп айтқанын жеткізген. Әрине, бұндай қатаң ескерту, көм дегенде, құрбан шалудың уәжіптігін білдірсе керек. Хадис шәрифте дұрыс уақытта (айт намазынан бұрын) шалынбаған малдың орнына басқа құрбандықтың шалыну керектігі қатаң ескертілген. Анас (р.а.) Пайғамбардың (с.ғ.с.): *"Кім құрбандығын намаздан бұрын шалып қойса, онда қайта шалсын", – дегенін жеткізген* (Сахих Муслим). Михнаф ибн Сулайманның риуаятында Алла Елшісінің (с.ғ.с.): *"Ей, адамдар, әр отбасы жыл сайын құрбан шалуға тиісті", – деген* (Сунан ат-Тирмизи). Сондықтан ханафи мәзһабының ғұламалары жоғарда келтірілген аят, хадистерге сүйеніп отырып, құрбан айт күндері құрбандық шалуды уәжіп деп тұжырымдаған.

Құрбан айт күндері құрбандық шалуды міндет (уәжіп) ететін шарттар:

1. Мұсылман болуы;
2. Азат болуы;
3. Тұрғылықты болуы;
4. Мал-мүлктің жеткіліктілігі; Мал-мүлктің жеткіліктілігі дегенде мұсылманның иелігінде пітір садақасын уәжіп ететін нисаптың бар болуы көзделеді.
5. Ақылды және балиғат жасына толуы;

Құрбандық шалудың дұрыстығына қажетті шарттар:

1. Құрбандыққа түйе, сиыр, қой, ешкі, секілді малдардың болуы. Бұл төртеуінен басқа жылқы және еті адал жануарлардың ешбіреуі құрбандыққа шалынбайды. Төртеуінің құрбандыққа ең абзалы – түйе малы, сосын сиыр малы, сосын қой малы, кейін ешкі малы. Құрбандықтың дұрыстығы үшін бір қой не бір ешкі тек бір кісінің атынан шалынуы шарт. Ал түйе мен сиыр малын жеті не одан да аз кісі бірігіп шалуларына болады. Бірақ жеті кісіден аспауы және жетеуінде де құрбандыққа шалу ниеті болуы шарт.
2. Малды құрбандық ниетімен шалуы міндет. Соғым не ет қажет ету ниетімен сойылған мал құрбан саналмайды.
3. Өкіл етушінің өмірі. Құрбанды өркімнің өзі шалуы абзал саналса да өкіл арқылы шалуға да рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда мал иесі тарапынан өкілдің тағайындалған болуы әрі оған құрбанын шалу өмірін беруі шарт.
4. Мал жасының дұрыстығы. Түйе малы бес жасар, сиыр малы

екі жасар, ешкі малы бір жасар, асқан болуы шарт. Қой малының бір жасқа толмағанын шалса да болады.

5. Құрбандық оны шалушы кісінің мүлкі болуы.

6. Құрбандық малдың бойында жүде кемістік болмауы. Алла Елшісі (с.ғ.с.): *"Төрт түрлі мал құрбандыққа жарамайды: бір көзінің соқырлығы айрықша байқалатын мал, ауру-сырқауы айрықша байқалатын мал, ақсақтығы айрықша байқалатын мал, жілік майы үзілген жүдеу мал", – деген*. Хадистегі "айрықша байқалатын" деген сөздің мағынасы мал бойындағы кемістіктің айрықша байқалатын мөлшерді құрамауын шарт қылып, азғантай мөлшердегі кемістіктің есепке алынбайтынын сілтейді. Себебі мал бойында мүлде мін болмауы мүмкін емес.

7. Дұрыс уақытта шалынуы. Құрбан шалу уақыты Құрбан айт намазынан кейін кіреді. Құрбанды айттың бірінші күні шалған абзал. Құрбан шалынатын мерзім бұдан кейінгі екі күнге жалғасып, соңғы күннің күні батуымен (ақшам намазы кіргенде) аяқталады. Құрбан шалуы уәжіп кісі белгіленген мерзімді өткізіп алса, мойнынан міндетті түсіру үшін құрбан шалудың орнына садақа беруі уәжіп.

8. Құрбанның шалынуы. Құрбан шалудың орнына малдың өзін тірідей не құнын садақа етуге болмайды.

Құрбандық шалған кезде төмендегі абзал (мұстахаб) амалдарға да назар аударған жөн:

Малды Құрбан айттан бұрын құрбандыққа дайындау. Құрбан шалынатын жердің таза болуына көңіл бөлу. Құрбандық малын

лесі хадисте келген бейнеде айтылуы ұнамды іс (мұстахаб). Жәбир ибн Абдулла: *"Пайғамбар (с.ғ.с) құрбандыққа мүйізді, піштірілген, новала өкі қошқарды құрбандыққа шалды. Ол екеуін құбылаға бағыттап, жатқызған соң: "Көктер мен жерді жаратқан Аллаға нағыз мұсылманша жүзімді жөнелттім. Мен Аллаға серік қосушыларың емеспін. Расында намазым, құрбандығым, өмірім және өлімім әлемдердің Раббысы Алла үшін. Оның серігі жоқ. Маған осылай істеуім бұйырылды және мен мұсылмандарданмын. Аллаһ бұл – Сенен және сен үшін. Бисмилләһу Аллаһу акбар", – деді деген*. Бұл дұғаны білмесе "Иә, Алла Тағалам, осы құрбандығымды досың Ибраһим мен сүйіктің Мұхаммедтен (с.ғ.с.) қабыл алғаныңдай, менен де қабыл ала гөр!" деп, яки осыған ұқсас дұға оқуға болады. Кейіннен "Аллаһу акбар!" және "Лә иләһа илләллаһ" деп айтылады да "Бисмилләһи, Аллаһу акбар" деп оң қолымен бауыздайды. Малды бауыздайтын кісі бауыздарда білетұра, әдейі бисмилләһ деп айтпаса Ханафи мәзһабы бойынша ол малдың етін жөуге болмайды. Құрбан шалатын адам малды қынамай, өткір пышақпен жұмсақ бауыздауға көңіл бөлуі қажет. Малдың көзінше жалаңдатып шыдақ қайрауға болмайды және бауыздалып, жаны әбден шыққаннан кейін ғана, малды сойған дұрыс. Құрбандық етінің үштен бірі пақырларға садақа етіліп, үштен бірінен туыстар мен таңыстарға тағам әзірленіп беріліп, қалған үштен бірі отбасына қалады. Кімде-кім құрбандықтың етін толығымен садақа еткісі келсе, рұқсат етіледі.

Айт намазы таңғы сағат 08.30-да 2015 жылдың Зулхиджа айының 9 күндік нәпіл оразасы

Мезгілі	15.09.	16.09.	17.09.	18.09.	19.09.	20.09.	21.09.	22.09.	23.09.
Сәресінің аяқталуы	05:06	05:08	05:10	05:12	05:13	05:15	05:17	05:19	05:20
Ауыз ашар уақыты	20:11	20:09	20:06	20:04	20:01	19:59	19:56	19:54	19:51

шалынатын орынға сүйретпей, ұрмай-соқпай әдеппен апару. Құрбандыққа малдың ең жақсысын таңдау. Малды құрбан шалушының өзі бауыздау. Құрбан шалушы кісі мал бауыздауды білмесе не әйел кісі болса, малды қынап қоймас үшін, бауыздау ісін басқа мұсылманға тапсырғаны абзал. Сондай-ақ өзінің құрбанының қасында тұруы абзал. Құрбан малын құбылаға қаратып, сол жағымен жатқызу және дұғасын айту. Құрбан шалу кезінде хадистерде келген дұғаларды айту ұнамды іс (мұстахаб) саналады. Құрбандықты бауыздау сәтінде шартты (міндетті) түрде **бисмиллә** сөзі айтылады. Ал дұға бисмиллә сөзінің алдында, құрбандықты бауыздардың алдында не құрбандық бауыздалғаннан соң жасалады. Құрбан бауыздалып жатқанда бисмиллә сөзіне дұға қосып айту ұнамсыз (мақруһ) амал саналады. Бауыздар алдында не бауыздаған соң айтылатын дұға, ке-

Осынау құрбан айт күндері Алла Тағаланың берген ырыздықтарының шүкіршілігі ретінде келген меймандарға молынан дастархан жайып, пейілімізді тартылмай, Аллаға ұнамсыз арақ ішу, жанжалдасу, бұзықтық жасау сияқты күнәлі әрі сауаптан құр қалдырар іс-әрекеттерден аулақ болған жөн. Сондықтан құрбан айт күндерін өз дәрежесінде қасиеттілігін ұғынумен өткізу әрбір мұсылманның міндеті. Алла Тағала өліміздің төуелсіздігін баянды етіп, өркениетті, айбынды, дамыған мемлекеттердің қатарында бой түзеттіріп, Ислам дініне деген бет бұрысымызды одан әрі ынталандырып, екі дүние абырой сағада-тына жетуді нәсіп етсін!

Асылхан қажы МҰХАНБЕТЖАНҰЛЫ, ҚМДБ-ның Қостанай облысы бойынша өкіл имамы.

Төгилгөн төр

СУРЕТТЕ: С.Жұмабеков өзінің жұмыс бөлмесінде.
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 17 шілдедегі № 307 қаулысы

"Мұрағат анықтамаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Мұрағат анықтамаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.
2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қостанай облысы әкімдігі қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов.

Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 17 тамыз № 5805 болып тіркелген.

Әкімдіктің
2015 жылғы 17 шілдедегі
№ 307 қаулысына қосымша

Қостанай облысы әкімдігінің күші жойылған қаулыларының тізбесі

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 сәуірдегі № 176 "Мұрағаттық анықтамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4771 болып тіркелген, 2014 жылғы 18 маусымда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған);

2. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 8 шілдедегі № 323 "Мұрағаттық анықтамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" әкімдіктің 2014 жылғы 26 сәуірдегі № 176 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4951 болып тіркелген, 2014 жылғы 31 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

3. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 қарашадағы № 564 "Әкімдіктің 2014 жылғы 26 сәуірдегі № 176 "Мұрағаттық анықтамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5216 болып тіркелген, 2014 жылғы 13 желтоқсанда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған).

Әкімдіктің 2015 жылғы 17 шілдедегі
№ 307 қаулысымен бекітілген

"Мұрағат анықтамаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Мұрағат анықтамаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстың мемлекеттік мұрағаты және оның филиалдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) Қостанай облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы және оның қалалар мен аудандардағы бөлімдері (бұдан әрі – ХҚКО);

3) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – әлеуметтік-құқықтық сипаттағы келесі мәліметтерді: жұмыс өтілін, жалақы мөлшерін, жасын, отбасының құрамын, білімін, марапатталғанын, зейнетақы жарнасы мен әлеуметтік төлемдердің аударылуын, ғылыми дәрежелер мен атақтардың берілуін, жазатайым оқиғаны, емделуде немесе қоныс аударуда бо-

луын, қуғын-сүргінге ұшырағанын, жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау, Қарулы Күштерде, әскери бөлімдер мен құрылымдардағы қызметін, экологиялық апат аймақтарында тұрғанын, бас бостандығынан айыру жерлерінде болғанын, азаматтық хал актілері жөніндегі мәліметтерді растау туралы мұрағат анықтамасын беру.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны – қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме көрсетілетін қызметті берушінің Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 138 "Мұрағат ісі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген "Мұрағат анықтамаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттармен (бұдан әрі – құжаттар топтамасы)

қоса қабылдауы болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшына береді, 30 (отыз) минут.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – құжаттар топтамасын қабылдау;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын айқындайды, тиісті бұрыштама қояды, 3 (үш) сағат.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасының толықтығын тексереді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына бекіту үшін жолдайды, күнтізбелік 14 (он төрт) күн.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қояды, 4 (төрт) сағат.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсетудің бекітілген нәтижесі;

5) жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді, 30 (отыз) минут.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушыға берілген мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді, 30 (отыз) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттар топтамасымен танысқаннан кейін оны көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жібереді, 3 (үш) сағат;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын тексереді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына бекіту үшін жолдайды, күнтізбелік 14 (он төрт) күн;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жібереді, 4 (төрт) сағат;

5) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді, 30 (отыз) минут.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ХҚКО және (немесе)

өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл жасасу тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

8. ХҚКО-ға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша іс-қимылды бастауға негіздеме ХҚКО қызметкерінің көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттар топтамасын қабылдауы болып табылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындалу ұзақтығы:

1) ХҚКО -ның қызметкері өтініштің толығын дұрыстығын және көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар топтамасының толықтығын тексереді, 10 (он) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ХҚКО-ның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Өтініш дұрыс толтырылған және құжаттар топтамасы толық ұсынылған жағдайда, ХҚКО-ның қызметкері өтінішті тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхатты береді;

2) ХҚКО-ның қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушыдан келісімін алады, 5 (бес) минут;

3) ХҚКО-ның қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат береді, 5 (бес) минут;

4) ХҚКО-ның қызметкері құжаттар топтамасын дайындайды және оны курьерлік немесе ақпараттық жүйе арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды, күнтізбелік 1 (бір) күн;

5) көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін дайындайды және оны курьерлік немесе ақпараттық жүйе арқылы ХҚКО-ға жолдайды, күнтізбелік 13 (он үш) күн.

6) ХҚКО-ның қызметкері құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхатта көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді, 20 (жиырма) минут.

ХҚКО мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін 1 (бір) ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оны көрсетілетін қызметті берушіге 1 (бір) жыл бойы сақтау үшін тапсырады. Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткеннен кейін жүгінген кезде ХҚКО-ның сұрауы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 10 (он) жұмыс күнінің ішінде мемлекеттік қызметті көрсетудің дайын нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін ХҚКО-ға жолдайды.

10. Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының рәсімдерінің (іс-қимылдарының) тәртібі:

1) көрсетілетін қызметті алушы порталда электрондық цифрлық қолы (бұдан әрі – ЭЦҚ) арқылы тіркелуді (авторизациялануды) жүзеге асырады;

2) көрсетілетін қызметті алушының электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметті таңдауы, электрондық құжат нысанында сұрау салудың (бұдан әрі – электрондық сұрау салу) жолдарын толтыруы (болған жағдайда сұрау салынған мәліметтерді растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері қоса беріледі);

(Жалғасы бар).

Постановление акимата Костанайской области
17 июля 2015 года № 307

Об утверждении регламента государственной услуги "Выдача архивных справок"

В соответствии с пунктом 3 статьи 16 Закона Республики Казахстан от 15 апреля 2013 года "О государственных услугах" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемый регламент государственной услуги "Выдача архивных справок".
2. Признать утратившими силу постановления акимата Костанайской области согласно приложению к настоящему постановлению.
3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким области

Н. Садуакасов.

Зарегистрировано в Реестре государственной
регистрации нормативных правовых актов
17 августа 2015 года под № 5805.

Приложение к постановлению акимата
от 17 июля 2015 года № 307

Перечень утративших силу постановлений акимата Костанайской области

1. Постановление акимата Костанайской области от 26 апреля 2014 года № 176 "Об утверждении регламента государственной услуги "Выдача архивных справок" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 4771, опубликовано 18 июня 2014 года в газете "Қостанай таңы");
2. Постановление акимата Костанайской области от 8 июля 2014 года № 323 "О внесении изменений и дополнений в постановление акимата от 26 апреля 2014 года № 176 "Об утверждении регламента государственной услуги "Выдача архивных справок" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 4951, опубликовано 31 июля 2014 года в Информационно-правовой системе "Әділет");
3. Постановление акимата Костанайской области 11 ноября 2014 года № 564 "О внесении изменения в постановление акимата от 26 апреля 2014 года № 176 "Об утверждении регламента государственной услуги "Выдача архивных справок" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 5216, опубликовано 13 декабря 2014 года в газете "Қостанай таңы").

Утвержден постановлением акимата
от 17 июля 2015 года № 307

Регламент государственной услуги "Выдача архивных справок"

1. Общие положения

1. Государственная услуга "Выдача архивных справок" (далее - государственная услуга) оказывается государственным архивом области и его филиалами (далее – услугодатель).
- Прием документов и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляется через:
 - 1) канцелярию услугодателя;
 - 2) филиал Республиканского государственного предприятия "Центр обслуживания населения" по Костанайской области и его отделы в городах и районах (далее – ЦОН);
 - 3) веб-портал "электронного правительства" www.egov.kz (далее – портал).
2. Форма оказания государственной услуги: электронная (частично автоматизированная) и (или) бумажная.
3. Результат оказания государственной услуги – архивная справка о подтверждении следующих сведений социально-правового характера: трудового стажа, размера заработной платы, возраста, состава семьи, образования, награждения, перечисления пенсионных взносов и социальных отчислений, присвоения ученых степеней и званий, несчастного случая, находде-

ния на излечении или эвакуации, применения репрессий, реабилитации жертв массовых политических репрессий, службы в Вооруженных Силах, воинских частях и формированиях, проживания в зонах экологического бедствия, пребывания в местах лишения свободы, сведений об актах гражданского состояния, о правоустанавливающих и идентификационных документах.

Форма предоставления результата оказания государственной услуги – бумажная.

2. Описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

4. Основанием для начала процедуры (действия) по оказанию государственной услуги является приём услугодателем заявления по форме согласно приложению 1 к Стандарту государственной услуги "Выдача архивных справок", утвержденному приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 17 апреля 2015 года № 138 "Об утверждении стандартов государственных услуг в области архи-

вного дела" (далее – Стандарт) с приложением документов, указанных в пункте 9 Стандарта (далее – пакет документов).

5. Содержание каждой процедуры (действия), входящей в состав процесса оказания государственной услуги, длительность её выполнения:

- 1) сотрудник канцелярии услугодателя принимает пакет документов услугополучателя и передаёт руководителю услугодателя, 30 (тридцать) минут.

Результат процедуры (действия) – прием пакета документов;

- 2) руководитель услугодателя определяет ответственного исполнителя и накладывает соответствующую визу, 3 (три) часа.

Результат процедуры (действия) – виза руководителя услугодателя;

- 3) ответственный исполнитель услугодателя проверяет полноту пакета документов и подготавливает проект результата оказания государственной услуги, направляет руководителю услугодателя для подписания, 14 (четырнадцать) календарных дней

Результат процедуры (действия) – проект результата оказания государственной услуги;

- 4) руководитель услугодателя подписывает результат оказания государственной услуги, 4 (четыре) часа.

Результат процедуры (действия) – подписанный результат оказания государственной услуги;

- 5) сотрудник канцелярии выдаёт услугополучателю результат оказания государственной услуги, 30 (тридцать) минут.

Результат процедуры (действия) – выданный услугополучателю результат оказания государственной услуги.

3. Описание порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

6. Перечень структурных подразделений (работников) услугодателя, которые участвуют в процессе оказания государственной услуги:

- 1) сотрудник канцелярии услугодателя;

- 2) руководитель услугодателя;

- 3) ответственный исполнитель услугодателя.

7. Описание последовательности процедур (действий) между структурными подразделениями (работниками) услугодателя с указанием длительности каждой процедуры (действия):

- 1) сотрудник канцелярии услугодателя принимает пакет документов услугополучателя и передаёт руководителю услугодателя, 30 (тридцать) минут;

- 2) руководитель услугодателя, ознакомившись с пакетом документов, определяет ответственного исполнителя и накладывает соответствующую визу, 3 (три) часа;

- 3) ответственный исполнитель услугодателя проверяет полноту пакета документов и подготавливает проект результата оказания государственной услуги, направляет руководителю услугодателя для подписания, 14 (четырнадцать) календарных дней;

- 4) руководитель услугодателя подписывает результат оказания государственной услуги и передаёт ответственному исполнителю услугодателя, 4 (четыре) часа;

- 5) сотрудник канцелярии услугодателя выдаёт услугополучателю результат оказания государственной услуги,

30 (тридцать) минут.

4. Описание порядка взаимодействия с ЦОНам и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги

8. Основанием для начала действия по оказанию государственной услуги при обращении в ЦОН является принятие работником ЦОНа пакета документов от услугополучателя.

9. Содержание каждой процедуры (действия), входящей в состав процесса оказания государственной услуги, длительность её выполнения:

- 1) работник ЦОНа проверяет правильность заполнения заявления и полноту представленного услугополучателем пакета документов, 10 (десять) минут.

В случае представления услугополучателем неполного пакета документов работник ЦОНа отказывает в приеме заявления и выдает расписку об отказе в приеме документов по форме, согласно приложению 2 к Стандарту.

При правильном заполнении заявления и представлении полного пакета документов, работник ЦОНа регистрирует заявление и выдает услугополучателю расписку о приеме пакета документов;

- 2) работник ЦОНа получает согласие услугополучателя на использование сведений, составляющих охраняемую законом тайну, содержащихся в информационных системах, если иное не предусмотрено законами Республики Казахстан, 5 (пять) минут;

- 3) работник ЦОНа выдает услугополучателю расписку о приеме пакета документов, 5 (пять) минут;

- 4) работник ЦОНа подготавливает пакет документов и направляет его услугодателю через курьерскую или информационную систему, 1 (один) календарный день;

- 5) услугодатель подготавливает результат оказания государственной услуги и направляет его через курьерскую или информационную систему в ЦОН, 13 (тринадцать) календарных дней;

- 6) работник ЦОНа в срок, указанный в расписке о приеме пакета документов, выдает результат оказания государственной услуги услугополучателю, 20 (двадцать) минут.

ЦОН обеспечивает хранение результата оказания государственной услуги в течение 1 (одного) месяца, после чего передает его услугодателю для дальнейшего хранения в течение 1 (одного) года. При обращении услугополучателя по истечении 1 (одного) месяца, по запросу ЦОНа услугодатель в течение 10 (десяти) рабочих дней направляет готовый результат оказания государственной услуги в ЦОН для выдачи услугополучателю.

10. Порядок процедур (действий) услугодателя и услугополучателя при оказании государственной услуги через портал:

- 1) услугополучатель осуществляет регистрацию (авторизацию) на портале посредством электронной цифровой подписи (далее – ЭЦП);

- 2) выбор услугополучателем государственной услуги, заполнение полей запроса в форме электронного документа (далее – электронный запрос) (при наличии прилагаются электронные копии документов, подтверждающие запрашиваемые сведения);

(Продолжение следует).

Ломтадзе Таризель Зурабовичтің сенімді тұлғасы Турбабин Илья Леонидович, кепілдік мүлкікті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Надеждин ауылдық округінің аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған 150,0 га көлемі, кадастрлік номері 12-183-048-006, бөлінетін жер учаскесіне жер пайдалану (жалдау) құқығын сату жөнінен сауда өткізеді. Сатып алу бағасы қолмақол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2015 жылғы 6 қазан сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Надеждин а., Гагарин көш., 4/1 үй. Өтінімдер 2015 жылғы 5 қазан сағат 18-00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай қаласы, Дзержинский көшесі, 61 үй, телефон 8-775-296-37-79

Доверенное лицо Ломтадзе Таризель Зурабовича Турбабин Илья Леонидович в порядке внесудебной реализации залогового имущества, объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования (аренды) на земельный участок, расположенный на территории Надеждинского сельского округа, Костанайского района Костанайской области, предназначенный для ведения крестьянского хозяйства, кадастровый номер 12-183-048-006, площадью 150,0 га. Покупная цена вносится наличными деньгами в течение 5-ти календарных дней с момента проведения торгов. Торги состоятся 6 октября 2015 года в 10.00 часов по адресу: Костанайская область, Костанайский район, с. Надеждинка, ул.Гагарина, 4/1. Заявки принимаются в срок до 18-00 часов 5 октября 2015 года по месту нахождения доверенного лица: г.Костанай, улица Дзержинского, д. 61, телефон для справок - 8-775-296-37-79

"Қамысты ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (Қамысты а., Ержанов к-сі., 61, 317 каб, анықтама телефондары: 21-3-37 факс: 21-0-63, электрондық мекенжайы kamysty@kostanay.gov.kz) "Б" корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналастуға конкурс жариялайды:

"Қамысты ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы, (санаты ER-1) лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты – 109548 – 147986 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Бөлім жұмысына басшылық жасайды, бөлім жұмысын үйлестіреді, бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және олардың өзінің міндеттерін жүзеге асыруына жеке жауапкершілік көтереді, Мемлекеттік қызмет заңнамасын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақталуын бақылау, мемлекеттік ұйымдар бөлімі және тағы басқа ұйымдарда ұсынылуын жүзеге асырады. Кадрлық және ұйымдастырумен қатар іс-қағаздарын жүргізу сұрақтары бойынша қамтамасыз етеді. Нормативтік-құқықтық құжаттар бойынша бөлім қызметкерлеріне техникалық оқыту жүргізу және ұйымдастыру. Жылдарға сәйкес бюджеттен мәслихат шешімімен жобаны әзірлеу барысында және бюджетке қосымша өзгерістер енгізуге қатыса алады. Бюджеттік жоспарлау бойынша бақылауды жүргізеді. Бөлім жұмысының тоқсан сайынғы жоспарын және орындалуын бақылауын бекітеді және құрылуын жүзеге асырады. Азаматтарды қабылдауды жүргізеді және хаттармен шағымдармен жұмыс істейді. Апта сайын іс жүргізу сұрақтары бойынша аппаратпен мәжіліс өткізеді. Өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүргізу.

Конкурсқа қатысушыларға

қойылатын талаптар:

Жоғары техникалық (инженер-электрші, инженер-механик).

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- 1) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;
- 2) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;
- 3) ғылыми дәрежесінің болуы;
- 4) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;
- 5) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы", Қазақстан Республикасының конституциялық заңы, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар

бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
 - 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
 - 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
 - 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
 - 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
 - 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
 - 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі);
- Көрсетілген құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** "Қамысты ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжай бойынша: Қамысты ауданы, Қамысты ауылы, Ержанов к-сі, 61 ұсыну қажет. Конкурсстық комиссияның қарауына азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы

құжаттарды қабылдау мерзімінде берілген (құжат тігілетін мұқабаға салынған, құжаттың тізбесін көрсетуімен) құжаттары қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 жұмыс күн ішінде** "Қамысты ауданы әкімі аппараты" ММ өтеді.

Конкурс комиссиясының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады. Байқаушы ретінде конкурс комиссиясына қатысу үшін тұлғалар, әңгімелесудің басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей "Қамысты ауданы әкімінің аппараты" ММ-нің персоналды басқару қызметіне (кедр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

"Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

Есеп беру және мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы (негізгі қызметкердің бала күтімі бойынша еңбек демалысы кезеңіне), "Д-О-3" санаты лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты: 84563 теңгеден 114032 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: Өз құзырының шегінде ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді пайдалану мақсатында мемлекеттік сатып алуды өткізу мәселелері жөнінде бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізуді жүзеге асыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары экономикалық, қаржыгерлік, заңгерлік.

Мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес немесе мемлекеттік органдарда басшылық ету немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес, осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық ету лауазымында бір жылдан кем емес, не болмаса жоғары оқу орындарынан кейінгі оқу бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы, не ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдарын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

ЕАҰ қызметін үйлестіру бөлімінің

бас маманы (негізгі қызметкердің бала күтімі бойынша еңбек демалысы кезеңіне), "Д-О-4" санаты лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты: 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: Облыс халқына медициналық көмек көрсету бойынша емдеу-алдын алу ұйымдарының қызметін үйлестіру мәселелері, өңірлік және Мемлекеттік бағдарламалардың негізгі бағыттарын іске асыруға қатысу (құзыры шеңберінде).

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары медициналық, табиғи ғылым (биолог) әлеуметтік ғылым (психолог), экономикалық. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі медициналық, табиғи ғылым (биолог) әлеуметтік ғылым (психолог), экономикалық білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдарын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Әкімшілік-заң бөлімінің бас маманы (негізгі қызметкердің бала күтімі бойынша еңбек демалысы кезеңіне), "Д-О-4" санаты лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты: 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңының орындалуына, облыстың медициналық ұйымдарында тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасының іске асырылуына бақылау жасау. Құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, басқарманың барлық бөлімдері үшін аудармаларды беру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Қазақ тілі және әдебиет мамандығы бойынша жоғары гуманитар-

лық немесе қазақ тілі және әдебиет мамандығы бойынша ортадан кейінгі гуманитарлық. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда қазақ тілі және әдебиет мамандығы бойынша ортадан кейінгі гуманитарлық білімі бар жағдайда.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдарын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) осы Қағидалардың 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидалардың 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы серти-

фикат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландырудың соңғы жарияланған сәтінен бастап 10 жұмыс күннің ішінде "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжайға: Қостанай қ., Быковский көш., 4 а, 311 кабинет. Анықтама телефоны: 8-714-2-390-517, факс 8-714-2-390-522, odzkost-ok@yandex.ru электрондық мекенжайға ұсыну қажет.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып, құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады. Құжаттардың түпнұсқасын бермеген жағдайда тұлғаларға әңгімелесуге өтуге рұқсат етілмейді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 күн ішінде "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурстық комиссия жұмысының ашықтылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады. Конкурстық комиссияның отырысында бақылаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттың депутаттары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген аккредитация алған бұқаралық ақпараттық құралдардың өкілдері, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдар мен саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады. Конкурсстық комиссияның отырысына бақылаушылар ретінде қатысу үшін тұлға әңгімелесу өткізудің басталуына бір жұмыс күннен кешіктірмей, "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" ММ кадрлық қызметінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға кадрлық қызметке жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға жататынын растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығындарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүру, тұратын орынды жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесінің Қостанай филиалы басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін 2015 жылғы IV тоқсанда ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Азаматтарды қабылдауды жүргізуші тұлғаның А.Т.Ө.	Азаматтарды қабылдауды жүргізуші тұлғаның лауазымы	Қабылдау күні және уақыты	Мекен-жайы	Қабылдауға алдын ала жазуды жүргізуге уәкілетті тұлғалардың байланыс телефондары
Жұмашев Миращ Жұмашұлы	Директор	Бейсенбі 15 00- 16 00	Қостанай қ. Бай-мағамбетов көшесі, 195, 311-кабинет	8 (7142) 54-44-24 - басшының хатшысы,
Джумабаева Галия Ивановна	Директордың орын-басары	Сәрсенбі 15 00- 16 00	Қостанай қ. Бай-мағамбетов көшесі, 195, 309-кабинет	8 (7142) 54-23-81 - іс қағаздарын жүргізу жөніндегі аға инспекторы
Омарханова Жанна Тулигеновна	Директордың орын-басары	Сейсенбі 15 00- 16 00	Қостанай қ. Бай-мағамбетов көшесі, 195, 307-кабинет	



АЗЫҚ-ТҮЛІК КЕЛІСІМ ШАРТ КОРПОРАЦИЯСЫ
FOOD CONTRACT CORPORATION

"Азық-түлік келісім шарт корпорациясы" Ұлттық Компаниясы" акционерлік қоғамы Қостанай облысында астықты сақтайтын астық қабылдау кәсіпорындарын қосымша іріктеуді өткізетіні туралы хабарлайды.

Қызмет көрсету мерзімі мен шарттары – Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы №4-1/487 Бұйрығымен бекітілген астық қабылдау пункттері мен астық иелерінің арасындағы астық сақтау туралы жария шарттың үлгілік нысандағы талаптарына сәйкес астықты сақтау.

Астықты сақтау үшін астық қабылдау кәсіпорындарын іріктеуге қатысуға астықты сақтау жөніндегі қызметтің әлеуетті жеткізушілері ұсына-тын өтініштің (өтінімнің) үлгісін және астықты сақтау үшін астық қабылдау кәсіпорындарын іріктеуді ұйымдастыру және өткізу рәсімінің көшірмесін

мына мекенжай бойынша алуға болады:

1. 010000, Астана қ., Московская көш., 29/3, тел/факс: 8 (7172) 59-12-72, 59-12-46;

2. 110000, Қостанай қ., Таран көш., 147, тел/факс: 8 (7142) 53-40-74, 53-11-44, немесе электрондық поштамен мына мекенжайдан: **kostanay@fcc.kz;**

Іріктеуге қатысуға өтінімдер "Азық-түлік келісім шарт корпорациясы" Ұлттық Компаниясы" Акционерлік Қоғамы облыстық өкілдігіне мына мекенжайға ұсынылады:

110000, Қостанай қ., Таран көш., 147 тел/факс: 8 (7142) 53-40-74.

Өтінімдер мына мекенжай бойынша қаралады: "Азық-түлік келісім шарт корпорациясы" Ұлттық Компаниясы" Акционерлік Қоғамы, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Московская көш., 29/3.

Өтінімдерді ұсынуудың соңғы мерзімі: 2015 жылғы 5 қазан сағат 12.00-ге дейін.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефондар бойынша алуға болады:

Астана қ. (8-7172) 591-272, 591-246; Қостанай қ., 8(7142) 54-28-94.

"Сарыкөл ауданы әкімінің аппараты" ММ бірыңғай конкурстық комиссиясы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

Сарыкөл ауданы әкімі аппаратының басшысы, Е-2 санаты

Лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты – 103782 теңгеден 140298 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: Аудан әкімінің аппаратына басшылық жасайды; Қазақстан Республикасы Заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, Қостанай облысының әкімі, әкімдігі, мәслихаты және аудан әкімі, әкімдігі, мәслихаты актілерінің орындалуына бақылау жасау бойынша жұмысты үйлестіреді; кадрлар саясатын жүзеге асыруға қатысады; аудан әкімі аппаратының құрылымдық бөлімдерінің, мемлекеттік мекемелердің, ауылдық округтер және Сарыкөл кенті әкімдерінің қызметтерінің өзара әсер етуін және үйлесуін, әкімдік отырысын, аудан әкімінің қатысуымен кеңестер және басқа шараларды жүргізуді, қамтамасыз етеді; аудан әкімінің аппаратында, әкімдік бөлімдерінде және ауылдық округтер және Сарыкөл кенті әкімдерінің аппараттарында орындаушылық тәртіп жағдайын талдайды; ауданның мемлекеттік мекемелерімен ұсынылатын мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жұмысын ұйымдастырады; өңірлік мемлекеттік мұрағатқа жетекшілік етеді; аудандық мәслихатпен өзара іс-әрекетті қамтамасыз етеді, құпиялық тәртібін және құпия іс жүргізуді қамтамасыз етуге бақылау жасайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары гуманитарлық, заңгерлік, мемлекеттік басқару, экономикалық, ақпараттық технологиялар.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс: 1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес; 2) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес; 3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес; 4) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында

мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы; 5) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы", "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдарын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптастыру мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) Осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат(немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі)

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жария-

ланған сәттен бастап 10 жұмыс күн ішінде "Сарыкөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжайға Сарыкөл кенті, Ленин көшесі, 72 үй, 25-каб., анықтама үшін телефон 23-0-68, факс 23-0-68, электрондық мекенжайы: **sarykol@kostanay.gov.kz** ұсыну қажет.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 жұмыс күн ішінде** Сарыкөл ауданы әкімінің аппаратында өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына бір жұмыс күн қалғанға дейін кешіктірмей кадрлар бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады. Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығыстарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүрісі, тұрғын үй орыжайын жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ипотекалық тұрғын үй қарызын/ипотекалық қарызды қайта қаржыландырудан бас тартулар алуға қатысты қарыз алушылардың шағымдарын қарау жөніндегі комиссия құру туралы ақпараттық хабарлама

Мемлекет Басшысының тапсырмасын орындау мақсатында ипотекалық қарыз алушылардың проблемаларын шешу бойынша шаралардың бірі ретінде 2015 жылғы 24 сәуірде Ұлттық Банк Басқармасының №69 қаулысымен бекітілген Ипотекалық тұрғын үй/ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қабылданды.

Бағдарламаның талаптарына сәйкес ипотекалық тұрғын үй/ипотекалық қарызды қайта қаржыландырудан бас тартқан жағдайда банк қарыз алушыға 3 жұмыс күні ішінде бас тартудың себебін, сондай-ақ ипотекалық тұрғын үй қарызын/ипотекалық қарызды қайта қаржыландырудан бас тартулар алуға қатысты қарыз алушылардың шағымдарын қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) туралы ақпаратты көрсетумен жазбаша жауап жібереді.

Бағдарламаның айқын түрде іске асырылуын қамтамасыз ету үшін құрамына Ұлттық Банктің, құқық қорғау органдарының және ипотекалық қарыз алушылардың мүдделерін білдіретін қоғамдық ұйымдардың өкілдерін қосуден облыстық әкімдіктерде, Астана әкімдігінде, Ұлттық Банктің Алматы облыстық және Алматы қалалық филиалында Комиссия құрылды.

Осыған байланысты банктен қарызды Бағдарлама шеңберінде қайта қаржыландырудан бас тартуды алған жағдайда қарыз алушылар мына мекенжайда орналасқан Комиссияға өтініш беруге құқылы:

Қостанай облысы, Қостанай қ., Қасымханов көш. 34, каб 202. Байланыс телефоны: 8(7142) 501-300

Еркін өзгермелі айырбастау бағамы режиміне өтуге байланысты жеке тұлғалардың ұлттық валютада (теңгеде) ашылған депозиттері бойынша өтемақы төлеу тәртібінің іске асырылу барысы туралы ақпараттық хабар

2015 жылғы 15 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) "Еркін өзгермелі айырбастау бағамы режиміне өтуге байланысты жеке тұлғалардың ұлттық валютада (теңгеде) ашылған депозиттері бойынша өтемақы төлеу тәртібін бекіту туралы" Ұлттық Банк Басқармасының 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 157 қаулысын (бұдан әрі – Тәртіп) іске асыру мәселелері бойынша екінші деңгейдегі банктермен кездесу өткізді.

Банктердің өкілдері хабарлағандай, олардың сайттарында депозиттердің өтелетіндігі туралы ақпарат орналастырылған, салымшыларға консультациялар беру жөніндегі менеджерлерге қосымша нұсқау берілген және Тәртіп шеңберінде салымшылардан өтініштер қабылдау бойынша жұмыс басталды.

Ұлттық Банк екінші деңгейдегі банктерге салымшылардың өтініштерін қабылдау үшін оңтайлы жағдайлар жасауды, осы бағытта жұмысты жандандыруды және Тәртіптің іске асырылу барысы туралы уәкілетті органға күн сайынғы негізде хабарлауды тапсырды.

Сонымен қатар банктердің Тәртіпті орындауын бақылау мақсатында олармен кездесулерді Ұлттық Банк тұрақты түрде өткізіп тұратындығын хабарлаймыз.

Тәртіпте өтемақы сомасын есептеуге негіз болатын формуланың айқындалғанын да атап өтеміз. Өтемақы сомасы ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты 2015 жылғы 18 тамыздағы және арнайы шоттағы депозит мерзімі аяқталған күнгі бағамдар арасындағы айырма ретінде есептеледі, алынған коэффициентсалымның қалдығына көбейтіледі.

Бұл ретте салым сомасына банктер банк салымы шартының талаптарына сәйкес сыйақы есептейтін болады.

Банк депозитті өтеуден бас тартқан жағдайда, салымшы Ұлттық Банктің Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жүгіне алады.

Түсіндірулер мен консультацияларды салымыңыздың болған жеріне қарай екінші деңгейдегі банктерде, сондай-ақ Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67 мекенжайындағы Ұлттық Банктің Қоғамдық қабылдау бөлмесінде, Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарында, сондай-ақ мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2 788 085, 2 788 008.

Жарнама бергіңіз келсе

54-33-22, 54-99-69 (факс)

ҚР Экологиялық Кодексінің 57 бабына сәйкес, "Интергаз Орталық Азия" АҚ "Костанай" МГҚБ" Қостанай ТӨБ 2016 жылға арналған қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары жобасын талқылау мақсатында қоғамдық тыңдау өткізеді.

Қоғамдық тыңдаулар 2015 жылғы қазанның 06-да, сағат 10-да мекенжай бойынша өтеді: Қостанай қаласы, Абай даңғылы, 1 А.

Тыңдаулар алдында 30 минут бұрын қатысушылардың тіркелуі басталады.

Ақпаратты **Abikenov@kolpu.aktobe.intergas.kz** электрондық мекенжайға сауал салу жолымен алуға болады.

В соответствии со ст. 57 Экологического Кодекса РК Костанайское ЛПУ УМГ "Костанай" АО "Интергаз Центральная Азия" проводит общественные слушания с целью обсуждения проекта плана мероприятий по охране окружающей среды на 2016 г.

Общественные слушания состоятся 06 октября 2015 г., в 10:00 по адресу г. Костанай пр. Абая 1 А.

Регистрация участников начнется за 30 минут до начала слушаний.

Информацию можно получить путем запроса на электронный адрес: **Abikenov@kolpu.aktobe.intergas.kz**

Қостанай облысы МАЭС 2015 жылғы 9 қыркүйектегі ұйғаруымен "КазАгроТрейд" ЖШС, БИН 00440001725, қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы өндіріс қозғалды. Мына мекенжайға хабарласуға болады: Қостанай қ., Байтұрсынов көш., 70.

Определением СМЭС Костанайской области от 09 сентября 2015 года возбуждено производство о применении процедуры реабилитации в отношении ТОО "КазАгроТрейд" БИН 000440001725. Обращаться по адресу: г.Костанай, ул. Байтурсынова,70.

БАЛАЛАР ҮЙІРМЕГЕ БАРАДЫ

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Жаңа оқу жылының басында көптеген ата-аналар балаларын сабақтан бос уақытта немен шұғылдану керектігін ойлап бас қатырады. Бүгінде Қостанайда оқушылардың 62 пайызы түрлі үйірмелерге барады. Қостанай қаласында қосымша мемлекеттік білім беретін 7 мектеп жұмыс істейді. Олар қалалық балалар шығармашылығы, техникалық шығармашылық, музыкалық және көркемсурет мектептері мен шахматтық аула клубы, "Карнавал" би ансамблі. Бұл туралы облыс ұстаздары қатысқан тамыз мәслихатында айтылды.

Қосымша білім беру орталықтары түрлі секциялар мен үйірмелерді ұсынады. Олар би, музыкалық және вокалды студиялар, пікірсайыс және шахмат клубтары, көркемсурет, әскери-патриоттық және цирк үйірмелері. Балалар шығармашылығы мектебінде 2015-2016 жылы оқу жылында 1373 бала тәрбиеленеді. Қазір бұл білім ошағында секциялар саны 25-ке жеткен. Олар балаларды мемлекеттік және орыс тілдерін-


де даярлайды.

Техникалық шығармашылық мектебіне балалар 7 жастан бастап қабылданады. Мектепте авиамодельді және ракетамодельді, автотрассалық, бастапқы техникалық реттеу үйірмелері жұмыс істейді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес, оқу сабақтары 15 қыркүйектен 20 мамыр аралығына дейін жүреді. Қазір жаңадан балалар толығып, топтар қайта жасақталып жатыр. Дегенмен жазда да барлық үйірмелер жұмыс істеп келіпті. Бүгінде мұнда 412 оқушы бар.

— Әсіресе оқушылар арасында робот құрастыру техникасы сұранысқа ие. Үйірмелер тегін. Баланы ерте жастан қалаған үйірмелеріне қатыстырса, өскенде белгілі бір салаға бағытталуына көмектеседі, — дейді мамандар.

Қостанайлық Қайсар Жолымбетов сегіз жасар ұлы Мансұрды еркін күрес секциясына берген. Ол баласының бос уақытын тиімді өткізгенін қалайды.

— Ұлымның спортқа жалпы күреске бейімі бар. Қаладағы



Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

спорт секцияларының біріне барып жүргенімізге бір жылдан

асты. Аптасына үш күн жаттығады. Бармас бұрын көп күрес

үйірмелеріне хабарластық. Соған барып жүрміз, — деді ол.

ӨТЕДІ КҮНДЕР

Достар, достар, жүрсің қайда?



"Сағыныш екен бала кез.." деген өлең шумақтары ойыма келсе, сыныптас жолдастарым, балалық, жастық шақ еріксіз ойға оралады. Он бір жыл бір анадан туғандай тату, ұйымшыл болып, мектеп табалдырығын аттап, өмірге құлшына араласып кеттік. Біздер, Ұзынкөл ауданы Бірлік орта мектебін 1965 жылы бітірген түлектерміз. Жақында самайларын ақ қырау шалған, жетпісті алқымдап қалған, қазіргі уақытта ата-әже атанып отырған жандар бас қостық. Содан бері 50 жыл өтіпті, айтуға оңай, оның ішінде қуанышы да ауыртыпалығы да болды. Бір-бірімізді көргенде қуанышта шек болмады. Өкініштісі сол, тек арамызда "келместің кемесіне" мініп кеткен Айтпай Тоғытаев, Есетай Қалқаев, Дәулет Қожабаевтар сынды сыныптастарымыз болмады, бірақ амал қанша, өмір-өзен деген осы.

"Болашақтың данасын да, ғалымын да, басшысын да ұстаз өсіреді, сондықтан ананы қалай ардақтасаң, ұстазды да солай құрметтеуіміз керек" деген қазақ халқының батыр ұлы, мақтаншы Бауыржан Момышұлының осы қанатты сөзі ұстаз мерейін өсіріп, абыройын асырады. Бізді оқытып, білім нәрін сепкен ұстаздар қауымы кілең сырбаз да, білімді жандар еді. Біз үшін ұстаздың ұстазы болған Мағжан Дүйсебаев ағайымыз жуырда дүниеден озды. Уәлихан Базылбеков, Иса Қазиев, Сағындық Төжин, Зайда Сұлтанова, Бағыт-



Елу жылдан кейінгі кездесуге келгендер

жамал Хамитова, Жанәбіл Дәуренбеков, Ғайса Шайкин, Мұратбек Бекмұхамбетов, Уәли Ырғызбаев, Қалиақпар Балтабаев, Мәжит Сейдалиев, Дүйсебай Елеусізов, Төлебай Көшербаев, Бектеміс Алтыбаев, Сейіл Сұлтанғалиев секілді ағай мен апайларымыз қыр асып кеткелі не заман. Олардың қай-қайсысының болмасын біздерге берген білімдері қандай еді?! Ал, Зоя Құдабаева, Бағытжамал Мінайдарова, Эмел Сейдалиев, Бибіш Рахымжанова, Ақан Көбеков сынды ағай-апайларымызға дендері сау болып, ғұмыр жастары ұзақ болсын дейміз! "Ұстаз — шәкірттің рухани әкесі" деген нақыл сөз бар. Мектеп бітірген соң, әркім мамандық тандап,

адал, абыройлы еңбек етті. Кездесу кешіне жұптарымен келген достар өте көңілді, қуанышты болды. Кездесу кешінің бағдарламасын да құрдық. Бірінші сабақты ұжым басқарып үйренген Мағыпар ашып, бір сәт үнсіздікпен марқұм болған сыныптас достарымызды еске алдық. Содан кейін кезекпен сөз алып, бір кездердегі жастық шағымызға саяхат жасадық. Айтылмаған әңгіме, шертілмеген сыр қалмады. Әсіресе, Баяхметтің өнін сағынып қалған біздер, қайта-қайта қолқа салып, ән айтқызыдық. Кездесу әсерлі, тамаша өтті.

Бәтима КҰМАЖАНОВА.
Ұзынкөл ауданы.

Бас имам оқушылармен кездесті

Қазіргі кезде деструктивтік ағымдар, секталар көбейіп жатыр, олардың негізгі мүшелері жастар екені белгілі. Бұл мәселені алдын алу, дін туралы жан-жақты ақпарат беру мақсатында Ы. Алтынсарин атындағы Обаған орта мектебінде оқушылармен және ұстаздармен аудандық "Алдиярұлы Жанұзақ" мешітінің бас имамы Мейрамхан Егеубаевпен кездесу өтті. Оқушыларға дәстүрлі діндер туралы айтылып, видеороликтер көрсетілді. Ал мектептің тарих пәні мұғалімі Сағынай Жақанов қазіргі діндердің қалыптасу тарихы туралы мағлұмат берді. Бас имам оқушылардың, ұстаздардың қойған сауалдарына жауап берді. Осындай салиқалы жиындар жиі болады деген ойдамыз.

Сабыр ДУЛАТҰЛЫ.

Алтынсарин ауданы.

Театрға келіңіз!

Қазақстан Республикасы мәдениет қайраткері, әртіс Шара Мүсілқызының 60 жасқа толу мерейтойына байланысты Ілияс Омаров атындағы қазақ драма театрында 25 қыркүйек, сағат 17:00-де Е.Құшуақовтың "Қызыл алма" қойылымы болады. Билеттер театр кассасында сатылуда. Анықтама телефоны: 54-11-51, 54-39-56.



Алғыс айтады

Облыстық ТЖД Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметінің басшысы Марат Жүсіповтың атына шаруа қожалығының басшысы А.Пичкуляковтан Алғыс хат келіп түсті.

Хатта: "2015 жылдың 9-10 қыркүйек аралығында Михайлов орман шаруашылығының Қарадөн және Байқадам орманшылықтарында дала-орман өрті шыққан еді. Қарабалық ауданының №11 өрт сөндіру бөлімі қызметкерлерінің шұғыл қимылы үшін Сізге зор алғысымды білдіремін. Олардың дереу іс-әрекеттерінің арқасында өрт жойылып, оның әрі қарай өрбуіне жол берілмей, менің егін алқабым аман қалды", — деп жазылған.

Естеріңізге сала кетейік, Ресей Федерациясы аумағынан келген өрт Қарабалық ауданындағы Михайлов орман шаруашылығына дейін жеткен еді.

Облыстық ТЖД өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметінің баспасөз хатшысы.

Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС

**Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-26-42
Фототілшілер 54-73-36
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 5-57-60
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10580

Тапсырыс 1393

Немірдің кезекші редакторы: Гүлназым САФИТОВА.